



«БЕКІТЕМІН»

«Дарын» РҒПО директоры

Ғ.ТҰРСЫНОВ

2024 ЖЫЛҒЫ « 09 » 04

**Жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында
«Мағжан оқулары» республикалық ғылыми-шығармашылық
конкурсын ұйымдастыру және өткізу
ЕРЕЖЕСІ**

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже «Білім беру туралы» Қазақстан Республикасының заңына, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының (бұдан әрі - «Дарын» РҒПО) жоспарына сәйкес, жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасындағы «Мағжан оқулары» республикалық ғылыми-шығармашылық конкурсының (бұдан әрі – *Мағжан оқулары*) мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастырушылық-әдістемелік қызметінің қамсыздандырылуын, өткізу мен қаржыландыру тәртібін, қатысуын және жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау тәртібін белгілейді.

2. Мағжан оқуларының ұйымдастырушысы - «Дарын» РҒПО, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ, «Қызылжар дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы» КММ.

3. Мағжан оқуларының негізгі мақсаты - қазақ халқының әдеби мұраларын дәріптеу, мектеп оқушыларының классикалық әдебиеттерді оқуға деген қызығушылықтарын арттыру.

4. Мағжан оқуларының негізгі міндеттері - ақын шығармаларындағы эстетикалық талғам мен тұлғалық қасиетті насихаттау, ұлттың рухани мұрасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, жаңа буынның интеллектуалды пайым – парасатын арттыру.

II. Мағжан оқуларының қатысушылары

1. Мағжан оқуларының қатысушылары білім беру ұйымдарының барлық типтері мен түрлерінің 7-11 (12) сынып оқушылары болып табылады. Республикалық қорытынды кезеңге облыстық кезеңнің жеңімпаздары мен жүлдегерлері қатыса алады. Әр командада 3 оқушы (*әр номинацияға – 1 оқушы*) және 1 жетекші болуы тиіс.

2. Команда жетекшілері қатысушылардың Мағжан оқуларын өткізілетін жерге барар жолда, оның өту барысында және тұрғылықты жеріне қайтар жолда өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігіне жауапты. Ережеге сәйкес конкурсқа сәйкес командамен бір ғана жетекші келуі міндеттеледі. Жетекшіден мәдениетті қарым – қатынас, тәртіп сақтау талап етіледі. (*Жеке*

басқа тіл тигізуге, мәдениетті ортаға сай емес сөздер айтуға, дәрекілікке жол берілмейді. Жіберуші тараптар осы мәселеге баса назар аударулары керек.)

Ескерту: *Алдыңғы жылдардағы республикалық «Мағжан оқулары» ғылыми – шығармашылық байқауының жеңімпаздары бұл байқауға қатыса алмайды.*

Ескерту: *Байқауға қатысатын оқушылардың дәрігерлік (эпидокружение) анықтамасы міндетті түрде болуы керек.*

III. Мағжан оқуларын ұйымдастыру және өткізу тәртібі

1. Мағжан оқулары 3 кезеңде өткізіледі:

Бірінші кезең – аудандық (*қалалық*) білім басқармалары өткізеді;

Екінші кезең - облыстық, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармалары, республикалық білім беру ұйымдары, ДББҰ «Назарбаев Зияткерлік мектептері» өткізеді;

Үшінші кезең – республикалық, қорытынды. Мағжан оқуларының қорытынды кезеңіне әр өңірден 3 оқушы (*3 номинация бойынша*) қатысады.

2. Мағжан оқулары 3 номинация бойынша өткізіледі:

1) **«Өлең – менің Шолпаным, Айым, Күнім»** – Мағжан өлеңдерін жатқа оқу конкурсы. Қазылар алқасы бұл номинацияда оқушы жатқа білетін Мағжан шығармаларын мәнерлеп оқуына және санына байланысты бағалайды (*1 – қосымша*).

2) **«Жасынан оқу оқып, өнер қуған ...»** - ғылыми жоба жұмысы Мағжан Жұмабаевтың шығармалары бойынша зерттеу жұмыстары бағаланады (1, 2- қосымша).

3) **«Ақын да бір бала ғой айға ұмтылған»** - жас дарындар конкурсы Оқушылардың өз шығармалары бағаланады. Қатысушы шығармаларының жинағын (*кітапша*) конкурс басталғанға дейін ұсынуы қажет (*1 – қосымша*)

3. Мағжан оқуларының өткізу барысын қадағалау және ұйымдастыру жұмысының дайындығын іске асыру үшін ұйымдастыру комитеті құрылады.

Ұйымдастыру комитеті Мағжан оқуларының қорытынды кезеңінің өткізілу орнын белгілеп, дайындық жұмыстарын жүргізуде тікелей басшылық етеді, қазылар алқасының құрамын, қатысушылардың тізімін, байқауды өткізу бағдарламасын бекітіп, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды.

4. Қазылар алқасының құрамына жоғарғы оқу орындарының ғалымдары, білім беру ұйымдарының білікті мұғалімдері, белгілі жазушы, журналистер кіреді.

Қазылар алқасы қатысушылардың білімі мен өнерін бағалайды, ұйымдастыру және өткізу барысындағы мәселелерді талқылайды, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.

Мағжан оқуларын өткізу туралы ақпараттық хат және өткізілу Ережесі www.daryn.kz сайтында орналастырылады.

5. Мағжан оқуларының қорытынды кезеңіне тіркелу және қатысуы жөнінде өтінім хатты облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ, Республикалық білім беру ұйымдары ұйымдастыру комитетіне конкурстың өткізілуіне 20 күн қалғанға дейін жіберу қажет.

Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы: Петропавл қаласы, Жамбыл көшесі 55, «Қызылжар дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы» КММ. darynsko@mail.ru электронды поштасы. Байланыс телефондары: +7 705 860 58 15 / +7 700 696 35 61.

IV. Қорытындылау және марапаттау

1. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің I, II, III дәрежелі дипломдармен (*астында дайындаған ұстазының аты-жөні жазылған*), дәрежеге сәйкес алтын, күміс, қола медальдарымен және «Дарын» РҒПО-ның дипломдарымен (*номинация бойынша*), грамоталарымен марапатталады.

2. Республикалық «Мағжан оқулары» ғылыми – шығармашылық байқауында «Жасынан оқу оқып, өнер қуған ...» - ғылыми жоба жұмысы бойынша бір «Бас жүлде» тағайындалады.

3. Барлық қатысушыларға қатысқанын растайтын қатысушы сертификаты беріледі.

4. Жүлдегерлер жетекшілеріне алғыс хаттар беріледі.

V. Қаржыландыру

1. Мағжан оқулары бекітілген сметаға сәйкес қаржыландырылады.

2. Републикалық «Мағжан оқулары» ғылыми – шығармашылық байқауына қатысушылардың жолда жүруге байланысты шығындарын жіберіп отырған мекеме көтереді. Жетекшілердің тамақтануы өз есебінен жүзеге асырылады.

3. Републикалық «Мағжан оқулары» ғылыми – шығармашылық байқауына қатысушылардың тамақтануы, орналасуы (*жатын орын*), марапаттау, сыйлықтар алуға байланысты шығындар «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Қызылжар дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы» КММ көтереді.

Конкурсқа қатысушылар бойынша өтінім
(кестеге сай ұсынылуы тиіс)

«ӨЛЕҢ – МЕНІҢ ШОЛПАНЫМ, АЙЫМ, КҮНІМ» номинациясы бойынша

№	Оқушының аты – жөні (аты-жөні толық жазылады, телефон нөмірі)	Сыныбы	Облысы, ауданы, мектебі (толық жазылады)	Дайындаған мұғалімнің аты – жөні (аты – жөні толық жазылады, телефон нөмірі)

Жатқа орындайтын шығармалар тізімі:

- 1.
- 2.

«ЖАСЫНАН ОҚУ ОҚЫП, ӨНЕР ҚУҒАН ...» номинациясы бойынша

№	Оқушының аты – жөні (аты –жөні толық жазылады, телефон нөмірі)	Сыныбы	Ғылыми жоба тақырыбы	Облысы, ауданы, мектебі (толық жазылады)	Дайындаған мұғалімнің аты – жөні (аты – жөні толық жазылады, телефон нөмірі)

«АҚЫН ДА БІР БАЛА ҒОЙ АЙҒА ҰМТЫЛҒАН» номинациясы бойынша

№	Оқушының аты – жөні (аты – жөні толық жазылады, телефон нөмірі)	Сыныбы	Облысы, ауданы, мектебі (толық жазылады)	Дайындаған мұғалімнің аты – жөні (аты – жөні толық жазылады, телефон нөмірі)

Шығарған өлеңдерінің тізімі:

- 1.
- 2.

**Мағжан оқуларының «Жасынан оқу оқып, өнер қуған ...»
номинациясына қойылатын талаптар**

Зерттеу жобасының құрылымы:

- а) тақырыбы
- ә) өзектілігі
- б) мақсат, міндеттері
- в) әдіс - тәсілдері
- г) жаңашылдығы
- ғ) күтілетін нәтижесі
- д) нәтижені талқылауы, қорытындылауы
- ж) ұсыныстардың берілуі
- з) пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Зерттеуге ұсынылатын өлеңдер:

1. «Атақты ақын, сөзі алтын хакім Абайға»
2. «Өнер – білім қайтсе табылар»
3. «Туған жерім - Сасықкөл»
4. «Сырдағы алашқа»
5. «Мәңгілік ел»
6. «Өткен - аяулы»
7. «Сүйемін»
8. «Шолпы»
9. «Анама»
10. «Әже»
11. «Жел»
12. «От»

Зерттеу жобасына қойылатын талаптар:

-жас зерттеушілер тақырыпқа байланысты ғалымдардың зерттеу еңбектерін цитата түрінде немесе сілтеме жасап қолдануға болады;

- талдаулар бүгінгі күні жастардың танымы тұрғысынан ерекшеленуі керек;

-мәселені шешуде автордың өзіндік көзқарасы танылуы керек;

-зерттеу тақырыбының өзектілігі;

-жұмыс 5 минуттан аспауы тиіс;

-көлемі – 10 -12 бет.